Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2023 жылғы 29 қараша № 4712-23-00-2/3688 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.О.Аташева сот ғимаратында, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қарақия аудандық мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Қарақия аудандық Мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Dinur» басшысы Толебай Гүлжайна Маратқызы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану
2.келісім-шартты бұзу

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4, 223-226- баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қарақия аудандық мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Қарақия аудандық Мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынның жауапкер жеке кәсіпкер «Dinur» басшысы Толебай Гүлжайна Маратқызына мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану және келісім шартты бұзу туралы талап қоюы – қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Dinur» басшысы Толебай Гүлжайна Маратқызы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Қарақия аудандық мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Қарақия аудандық Мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық

Құжатқа қол қойылған: Аташева А. О., 06.12.2023
Заңды күшіне енген күні: 08.01.2024, судья Аташева А. О., 15.01.2024
4712-23-3-1/3678

кәсіпорынмен жеке кәсіпкер «Dinur» басшысы Толебай Гүлжайна Маратқызы арасында жасалған 29 тамыз 2023 жылғы № 68 келісім-шарт бұзылсын.

Жеке кәсіпкер «Dinur» басшысы Толебай Гүлжайна Маратқызынан мемлекет пайдасына 3450 (үш мың төрт жүз елу) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатын туралы тиісті түрде хабарландырмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шығарылған шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат беруі мүмкін.

Судья А.О.Аташева

Құжатқа қол қойылған: Аташева А. О., 06.12.2023

Заңды күшіне енген күні: 08.01.2024, судья Аташева А. О., 15.01.2024

4712-23-3-1/3678